

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің және бақылаудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 тамыз N 1225

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары 1999 жылдың 15 тамызына дейін мерзімде кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу және бақылау функцияларын жеке және мемлекеттік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын адамдарға беруді көздейтін өздерінің нормативтік құқықтық актілерінің күшін жойсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен жеке және мемлекеттік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын адамдардың кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу және бақылау функцияларын заңға қайшы жүргізуіне байланысты, олардан алынатын қаражаты мемлекеттік бюджетке алу жөнiнде шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігімен бірлесіп:

1) 1999 жылдың 15 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының ведомстволық қарауындағы барлық ұйымдардың құрылтайшылық құжаттарының осы қаулының талаптарына сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізісін;

2) тексерудің нәтижесі бойынша заңдарда белгіленген шараларды қолдансын және атқарылған жұмыстың қорытындысы туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне баяндасын;

3) Қазақстан Республикасының басқа мүдделі мемлекеттік органдарының қатысуымен барлық мемлекеттік органдарға жеке және мемлекеттік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу және бақылау функцияларын беруге тыйым салуды көздейтін Қазақстан Республикасының заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне заңдарда белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізісін.

4. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген уәкілетті органдар

республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшылық құжаттарын (қосымшаға сәйкес) осы қаулының талаптарына сәйкестендірсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Ораз Әлиұлы Жандосовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 23 тамыздағы
N 1225 қаулысына
қосымша

Уәкілетті мемлекеттік органдар құрылтайшылық құжаттарын
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіруі тиіс
республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың
Тізбесі

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:
Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы РМК

"Мемсәулетқұрылыс инспекциясы" еншілес кәсіпорындарымен;

"Метрология" РМК;

"Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" РМК;

"Алкоголь өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік зерттеу орталығы" РМК;

"Қазсертико" мемлекеттік ғылыми-практикалық орталығы РМК;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

"Күзет" РМК;

"Арнайы полиция" РМК;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің шаруашылық жүргізу
құқығындағы Мемлекеттік орман шаруашылықтары кәсіпорындары (Орман
шаруашылықтары) РМК;

Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік кәсіпорындары РМК;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі:

"Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың арнайы ғылыми-зерттеу
орталығы" РМК;

"Өрт сөндіруші" РМК;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі:

"Қазалкоорталық" РМК

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК